

**«TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Түркістан қаласы

13.08.2025 ж.

Түркістан облысының өнеркәсіп және индустриалды-инновациялық даму басқармасының («TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС 2024 жылғы маусым - 2025 жылғы тамызы аралығы) 2025 жылдың 02 шілдесі – 13 тамызы аралығында атқарған жұмыстары бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі – *Ішкі талдау*) жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіздеме:

Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 18.11.2015ж. Заңының 8-бабының 5-тармағы;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 19.10.2016ж «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» №12 бұйрығы;

ҚР Үкіметінің 31.05.2021ж. №358 қаулысымен бекітілген жобалық басқаруды жүзеге асыру қағидаларының 56-тармағына сәйкес, әрбір мемлекеттік органда мемлекеттік басқару жүйесін тұрақты жетілдіруге бағытталған үлгілік базалық бағыттың төртінші блогы - «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл» (бұдан әрі – №4 ҮББ) іске асыру мақсатында Түркістан облысы әкімі аппаратының басшысы Е.Дауылбаевпен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге 31.03.2025 ж. бекітілген кестесі;

«TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы 2025 жылғы 26 маусымдағы № 15-ө бұйрығы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың бағыты:

1. Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау (*құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар айқындалады*);

2. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау. Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметі:

1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

- 3) мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 6) іс-шаралар ұйымдастыру;

Талдамалық анықтама:

Түркістан облысы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасына қарасты «TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысының Әділет департаментінде (БСН100140007219) болып тіркелді.

Түркістан облысы әкімдігінің 2020 жылғы қаңтар айының 22 күні қабылданған № 8 қаулысына сәйкес Серіктестік өз қызметінде Жарғыны басшылыққа алады. Осы Жарғы Серіктестіктің құқықтық мәртебесін айқындайды.

Серіктестіктің қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерінде және ережесінде сыбайлас жемқорлық және құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық (өзінің қалауы бойынша шешім қабылдайтын) өкілеттік пен нормалар анықталмады.

«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС (бұдан әрі –*Серіктестік*), 2024 жылдың қорытындысымен, сонымен қатар, 2025 жылдың маусым, шілде – тамыз аралығындағы жалпы бұйрықтары заңнама талаптарына сәйкес әзірленген.

«TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС бойынша 2024 жылдың қорытындысымен 2025 жылдың тамыз айына дейін, сонымен қатар Серіктестікке жеке және заңды тұлғалардан «Е-өтініш» арқылы 2024 жылы 7 өтініш 2025 жылы 3 өтініш келіп түскен және Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 29 маусымдағы Әкімшілік рәсімдік-процестік Кодексіне сәйкес қарап, өз уақытында өтініш иесіне тиісті жауабы жолданған, жауапсыз қалған өтініштер орын алмаған.

Аталған өтініштерде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері қозғалмаған. Азаматтардың шағымдарын зерделеу барысында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін себептер анықталмаған.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы тобының мүшелері:

Басқарма төрағасы У.Юсупов

Басқарма төрағасының орынбасары К.Баймурзаева ;

Басқарма төрағасының орынбасары Д. Жакыпбеков;

Әкімшілік блоктың Бас бухгалтері Р.Егембердиева;

Әкімшілік блок менеджері (Комплаенс офицері) М.Ермекова;

1. «TURKISTAN INVEST» ИТЭДАА» ЖШС-де жалпы 17 қызметкер қызмет атқарады:

Серіктестіктің басқарма құрамы – үш мүшеден тұрады. Басқарма төрағасы және екі басқарма орынбасары

Басқармадан бөлек Бюджетті бекіту немесе қаржы мәселелерін бақылау қадағалау органы Бақылау кеңесі бар.

Инвестиция тарту және талдау бөлімі;

Жобаларды сүйемелдеу және экспортты дамыту бөлімі;

Әкімшілік блок;

Мекеме туралы ереже:

2024 - 2025 жылдарда қажеттіліктің аз болуына байланысты қысқарту жағдайлары **орын алмаған.**

2024 жылғы **1 (бір)** қызметкер, 2025 жылы **1 (бір)** қызметкер сөгіс алған. 2024 жылдың басынан **10** қызметкер жұмысқа қабылданып, **12** қызметкер өз өтініші негізінде жұмыстан босатылған.

2025 жылы жұмысқа **7** қабылданып, **10** қызметкер өз өтініші негізінде жұмыстан босатылған.

2024 жылдың басынан **39** еңбек демалысы берілген, 2025 жылы **10** еңбек демалысы берілген.

Жұмысқа қабылдау кезінде **сыбайлас жемқорлық тәуекелдері байқалмайды.**

Серіктестікте қызметшілері қызметіне кір келтіретін тәртіптік теріс қылық жасағандар, сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағандар және қызметтен **жағымсыз себептермен босатылғандар жоқ** (ҚР Бас Прокуратурасы ҚСЖАЕК «Ақпараттық қызмет» жүйесімен қалыптастырылған анықтамаларына сәйкес мәлімет).

Серіктестікте қызметкерлерінің біліктілік талаптарына сәйкес келуі бойынша:

Әр қызметкерге өзінің атқаратын жұмысына сәйкес лауазымдық нұсқаулық бекітілген. Серіктестікте біліктілік талаптарына **сәйкес келмейтін қызметкерлер анықталмады.**

Персоналға қатысты шығарылған бұйрықтар (жұмысқа қабылдау, келесі жұмысқа ауысу тәртібі, жыл сайынғы еңбек демалысы, еңбек демалысынан кері шақырту, ақысыз демалысы, іссапар) Заң талаптарына сәйкес әзірленген, құқық бұзушылық белгілері **анықталмады.**

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Серіктестікте қызметшілер арасында өзінің жеке мүддесі үшін қызмет бабын пайдаланып біреуге ықпал жасау әрекеттері **анықталмады.**

Серіктестік қызметшілері арасында Басқарма төрағасы мен орынбасарларымен бір-біріне туыстық қатынас жоқ. Алайда тексеру барысында келесі жайт анықталды: Оразақынов Данияр Бахтиярович (Басқарма төрағасының кеңесшісі) мен Оразахун Рамазан Бахтиярулы (инвестиция тарту және талдау бөлімінің менеджері) туыстық қатынаста (ағалы-інілі). Қызметтік міндеттері қиылыспайды, тікелей бағыныштылық жоқ. Мүдделер қақтығысы анықталған жоқ, ақпарат компанияның ішкі рәсімдеріне сәйкес декларацияланған. Серіктестікте ерлі-зайыптылар ортақ бірге жұмыс атқару жағдайлары **анықталмады.**

Атқарылған жұмыстар барысында бөлімдердің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттік пен нормалар, **мүдделер қақтығысы анықталмады.**

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету.

Инвестиция тарту және талдау бөлімі – шетелдік инвесторлармен келіссөздер жүргізуге жәрдем көрсету, қажетті қызметтер алуына ықпал ету. Бөлім тарапынан (жалпы отандық, шетелдік инвесторлармен) **100** жоба бойынша келіссөздер жүріп, қызмет атқарылуда. Өткізілген кездесулер мен келіссөздер нәтижесінде инвестициялық жобалар пулын құрды, сондай-ақ жобалардың бастауыштарымен тұрақты түрде кездесулер мен қоңыраулар өткізіліп, жобалардың өзектілігі жаңартылуда. Серіктестікте шетелдік және жергілікті инвесторлармен дөңгелек үстелдер мен форумдар, роуд шоулар келіссөздердің іске асуына және инвесторларды тартумен инвестиция тарту және анализ бөлімі айналысады. Шетелде орын алатын роуд шоулар тек Облыс әкімінің, облыс әкімінің орынбасарының қадағалауымен орындалады. Өткен іс-шаралардың барлығы төмендегі желілерге үздіксіз жарияланып отырады:

- <https://turkistaninvest.com/>

- <https://www.facebook.com/turkistan.invest.export/>

- <https://www.instagram.com/turkistan.invest/?hl=ru>

Жобаларды сүйемелдеу және экспортты дамыту бөлімі – Түркістан облысы аумағындағы қала мен аудандарда іске асырылғалы жатқан проекттерге сүйемелдеу көрсету қызметін жасайды. Түркістан облысында жалпы құны **3,2 трлн** теңгені құрайтын, **167** жобадан тұратын жоба портфелі қалыптастырылды. Бұл жобалар 2024-2027 жылдар аралығында **18 000** жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беред. Іске асырылып жатқан және әлеуетті инвестициялық жобалардың бірыңғай деректер базасы құрылып, ол **Google Drive** платформасында орналастырылды және әр ауданға жауапты менеджерлер бекітілді. Аудандар бойынша инвестициялық жобаларды мониторингтеу және қолдау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Бүгінгі таңда Түркістан облысында жалпы құны **22,2 млрд** теңге болатын **15 инвестициялық жоба** жүзеге асырылып, **601** адам жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар Әкімнің немесе әкім орынбасарының басшылығымен жоба басшыларымен Инвестициялық штаб отырысының өтуіне сүйемелдеу жасайды.

4. Серіктестікте бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Жауапкершілігі шектеулі серіктестікте **бақылау-тексеру функцияларын** іске асырылмайды, күзiреттілігіне жатпайды

5. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу.

Серіктестік өз қызметінде келесі нормативтік актілерді басшылыққа алады:

- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары (КЕХС);
- Қазақстан Республикасының Салық кодексі;
- Қазақстан Республикасының 01.07.1999 жылғы №409-1 Азаматтық кодексі;
- "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының 28.02.2007 жылғы №234 Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі,
- Серіктестіктің есеп және салық саясаты;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де заңдары, Нормативтік-құқықтық актілері, олар бойынша қаржылық-шаруашылық қызметін реттейтін нұсқаулықтар, әдістемелік ұсынымдар;

Серіктестіктің 2024 жылдың қаржылық-шаруашылық қызметін және аталған жылға бөлінген бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген қаржы толығымен игеріліп, жоспар 100% орындалды. 2025 жылдың 15.04.2025 жылғы тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебіне сәйкес заң бұзушылықтар орын алмаған.

2025 жылдың бірінші жартыжылдықтағы бекітілген жеке қаржылық жылдық жоспар бойынша міндеттемелер мен төлемдері толық игерілді.

Серіктестіктің қызметкерлерінің жалақысы, салық төлемдері және міндетті жарналар мен аударымдар өз кезеңінде жүргізіледі.

Мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша:

Серіктестіктің қызметін қамтамасыз ету мақсатындағы әкімшілік шығыстар, кеңсе тауарлары мен көрсетілетін қызметтер, атқарылатын жұмыстарды сатып алу, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңына сәйкес, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жүргізіледі.

2024 жылға Мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша 37 тармақ бекітіліп, толығымен орындалды. «Баға ұсыныныстарға сұраным» тәсілімен 23 сатып алу, «Электронды дүкен» тәсілімен 21 тауарлар сатып алынды.

2025 жылға Мемлекеттік сатып алу жоспары бойынша 39 тармақ бекітіліп, «Баға ұсыныныстарға сұраным» тәсілімен 28 сатып алу жүргізілді. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бап 3-тармақ 28-тармақшасына сәйкес «Тікелей шарт тұжырымы бір дерекөздерден» тәсілімен 11 көрсетілген қызметтер сатып алу жүргізілді.

Аталған мемлекеттік сатып алулар бойынша расталатын қаржылық құжаттар, счет-фактуралар ЭСФ жүйесі арқылы электронды түрде алынады және атқарылған қызметтердің орындалу актілері мен сатып алынған тауарлардың қабылдау актілері мен жүк құжаттары мемлекеттік сатып алу порталы арқылы электронды түрде рәсімделіп, бекітіледі.

Серіктестікте Сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтарды болдырмау және алдын алу мақсатында жиналыстар тұрақты түрде өткізіледі және әр

жиналыс арқылы хаттама толтырылып, фото суреттер әлеуметтік желілерге жарияланып отырады.Серіктестікте мемлекеттік қызмет заңнамасының және әдеп нормаларының талаптары қатаң сақталған.





Қорытынды:

«TURKISTAN INVEST» инвестиция тарту және экспортты дамыту аймақтық агенттігі» ЖШС-інде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша ұйым қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туындататын факторлар мен жағдайлар анықталмаған. Серіктестікте сыбайлас жемқорлық тәуекелдері жоғары, алайда Серіктестік жобалар бойынша сүйемелдеу жұмыстарын жүргізіп, құзырлы органдарға сілтеме жасаумен шектеледі, сондықтан қаржылық көмек көрсету, жер беру, субсидиялар немесе кредит мәселелерімен айналыспайды.

Қызметкерлердің жұмысқа қабылдануы, қызметтен босатылуы, тәртіптік теріс қылықтар немесе сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша қандай да бір ережеден тыс жағдайлар байқалмаған. Сонымен қатар, серіктестіктің қаржылық-шаруашылық қызметі мен мемлекеттік сатып алу процесі заң талаптарына сәйкес орындалған.

Жиналыстар мен талқылаулар арқылы серіктестікте этикалық нормалар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау жүйесі бекітілген. Қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы талдау білімдерін арттыру барысында, бекітілген іс-шаралардан тыс, әр сайын серіктестікте өзара іс-шара жиналыстары өткізіледі.

Ішкі талдау жүргізген жұмысшы топ мүшелері:

1.	Басқарма төрағасы У.Юсупов	
2.	Басқарма төрағасының орынбасары К. Баймурзаева	
3.	Басқарма төрағасының орынбасары Д. Жакыпбеков	
4.	Әкімшілік блоктың бас бухгалтері Р.Егембердиева	
5.	Әкімшілік блоктың менеджері, комплаенс-офицер М.Ермекова	